

«City Transportation Systems» ЖШС жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып

Өткізу орны: Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 9

Өткізу уақыты: 2023 жылғы 16 қаңтар, 15 сағат 00 минут

Қатысқандар: «City Transportation Systems» ЖШС әкімшілік-басқарушы персоналы, оның ішінде құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жұмыскерлері

Күн тәртібі

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу

Сөз сөйлеген: «City Transportation Systems» ЖШС Қауіпсіздік қызметінің басшысы Балтабаев Марат Рыскалиевич

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын зерделеу жөніндегі жұмысты түсіндіру мақсатында «City Transportation Systems» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) жұмыскерлері үшін жиналыс өткізілді.

Күн тәртібіне сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселесі тыңдалды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негізгі буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына ілеспе жағдайлар мен себептерді анықтау және азайту болып айқындалды.

Осыған байланысты, мемлекеттік және жеке меншік секторлардағы сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу құралы көзделген, ол сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және зерделеуге бағытталған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 681-бабына сәйкес, мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының не ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары басшысының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауы бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2022 жылдың қазан айында Серіктестікте келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:

- 1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының келесі негізгі нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі,

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілер, Серіктестік Жарғысы, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттары (қағидалар, нұсқаулықтар, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және т.б.).

Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуды насихаттау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін алғышарттар туғызатын үйлеспеушіліктерді, олқылықтарды, қайшылықтарды жою тұрғысынан заңнаманы талдау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Қауіпсіздік қызметінің басшысы

М. Балтабаев